

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2007 жылғы тамыздағы ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 59 филиалы мен 60 өкілдігі бар. Алматы қаласында 12 қор және Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - «БТА Қазақстан»), «Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны шілде айында 66 761 (0,74%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 8 999 632 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда болды: «МЖЗҚ» – 26,90%, «Қазақстан Халық Банкі» – 20,69%, «ҰларҮміт» – 14,93% және «БТА Қазақстан» – 9,07% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 71,59 % келеді. Ағымдағы жылдың шілде айында 4 қордың үлесі бұрынғы деңгейден 0,07 пайыздық тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны ағымдағы жылдың сәуір айында 292 (0,74%) өсіп, 2007 жылғы 1 тамызда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 737,5 млн.теңгені құрап 39 865 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 48,11%, «Капитал» – 16,24%, «Ұлар Үміт» - 14,96% және «Д.А.Конаев атындағы» - 12,96 % немесе осы 4 қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,27% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007 жылғы 1 тамызда 3 819 құрады, дербес зейнетақы шоттарында 43,0 млн.теңге болды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттары санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.08.06ж.	01.08.07ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)
- міндетті зейнетақы жарналары бойынша	8 117 341	8 999 632	882 291	10,87
- ерікті зейнетақы жарналары бойынша	33 024	39 865	6 841	20,72

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары шілде айында 26,4 млрд. теңгеге (2,53%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 1 068,96 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімінде 21,8 млрд. теңге болса, ағымдағы жылдың қаңтар - шілдеде ол 22,8 млрд. теңгені құрады немесе 4,59 % ұлғайды.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

(млрд. теңге)			
Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.08.2004	425,2	103,9	32,34
01.08.2005	569,0	143,8	33,82
01.08.2006	788,3	219,3	38,54
01.08.2007	1 068,9	280,6	35,60

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқынының 2006 жылғы 1 тамыздан бастап 2007 жылғы 1 тамызға дейінгі кезеңде 2,94 пайыздық тармаққа төмендегенін көруге болады.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 28,75%, «МЖЗҚ» – 17,31%, «ҰларҮміт» – 17,27%, «БТА Қазақстан» – 10,25% және «ГРАНТУМ» - 6,22 % жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасынан. Жиынтығында, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 79,80% келді.

2007 жылғы 1 тамыздағы қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының құрылымы



Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2007 жылдың 1 тамыздағы жағдай бойынша 299,6 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда 9,5 млрд.теңгеге (3,29%-ға) өскен.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(в млрд. теңге)

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.08.2004	102,3	15,6	17,99	24,06
01.08.2005	135,9	33,6	32,84	23,88
01.08.2006	210,0	74,1	54,53	26,64
01.08.2007	299,6	89,6	42,67	28,03

Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің 2004 жылғы 1 тамыздан бастап 2007 жылғы 1 тамызға дейінгі өсу қарқыны 24,68 пайыздық тармаққа ұлғайғаны байқалады.


2006 жылда орташа айлық өсімі - 8,4 млрд. теңге барысында, ағымдағы жылдың қаңтар – шілдеде ол 1,3 есе төмендеумен 6,3 млрд.теңге болғанын атап өту керек.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылдың 1 тамыздан бастап 2007 жылғы 1 тамызға дейін 3,97 пайыздық тармаққа ұлғайды. Бұл ретте ағымдағы жылдың шілдесінде үлес 1,39 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Жалпы зейнетақы жарналардың түсуі шілдеде 16,5 млрд. теңгеге (2,10%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 806,2 млрд. теңгені құрады.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)

Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов



Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов – зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%
«Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ»	307 587	28,74
«МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	185 452	17,33
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	184 925	17,28
«ҰларҮміт» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	184 925	17,28
«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы» БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	109 843	10,26
«Bailyk asset management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	85 896	8,02
«Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	6 009	0,56
«МұнайГаз – Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	26 076	2,43
«СЕНІМ» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	38 960	3,64
«Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	14 851	1,39
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	66 508	6,21

«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	66 508	6,21
«Premier Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	27 884	2,61
«Жинақтаушы зейнетақы Валют-Транзит Қоры» АҚ	27 855	2,60
«РЕСПУБЛИКА» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	29	0,01
«Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	27 175	2,54
«Нұр-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ	27 141	2,53
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	27 141	2,53
«Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	25 118	2,35
«Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	22 754	2,13
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	1 070 283	100,00

2007 жылғы 1 тамызда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2007 жылғы 1 шілдеден бастап 20 928 млн. теңгеге немесе 2,02%-ға өсіп 1 057 614 млн. теңгені құрады.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.08.2007ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	323 155	30,55
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	229 124	21,66
Ұлттық Банктің ноттары	94 031	8,89
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	90 524	8,56
Акциялар	4 438	0,42
Облигациялар	86 086	8,14
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	185	0,02

Государственные ценные бумаги иностранных эмитентов

Тазартылған алтын

6 145 0,58

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде

468 602 44,31

Акциялар

180 476 17,07

288 126 27,24

АҚШ долларына номинирленген

1 158 0,11

теңгеге номинирленген

286 025 27,04

Екінші деңгейдегі банктердің салымдары

168 923 15,97

Туынды бағалы қағаздар

80 0,01

Жиынтығы

1 057 614 100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2007 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 9 924 млн. теңгеге немесе 3,17%-ға кеміп, 323 155 млн.теңге немесе 30,55% болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің кемуі 2007 жылғы шілде айында 7 500 млн. теңге немесе 1,63% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 77 млн. теңгеге немесе 0,05%-ға төмендеп, 168 923 млн.теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 185 млн.теңгені (0,02%) құрады. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 8,56% болды, бұл 2007 жылғы 1 шілдедегі ұқсас көрсеткіштен 0,71 пайыздық тармаққа көп.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 тамыздағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2002 жылғы шілде – 2007 жылғы шілде кезеңіне - 47,67% (жинақталған инфляция деңгейі 44,84% құрады);
- 2004 жылғы шілде – 2007 жылғы шілде кезеңіне – 30,41% (жинақталған инфляция деңгейі 44,84% құрады);
- 2006 жылғы шілде – 2007 жылғы шілде кезеңіне – 9,56 % (инфляция деңгейі 8,80 %) құрады.

Бұл ретте зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің түзетілген коэффициенті 2002 жылғы шілде – 2007 жылғы шілде кезеңінде 44,39% құрады.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мәндері туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық капиталы 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 26,0 млрд. теңге құрады, оның ішінде жарғылық капитал 8,4 млрд. теңге немесе жиынтық капитал көлемінің 32,3% құрады. Ағымдағы жылдың шілдесінде капитал 1,1 млрд.теңгеге немесе 4,4% ұлғайды.

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қорлар жалпы сомасы 4,1 млрд теңге резервтік капиталды қалыптастырды немесе қорлар капиталының жалпы көлемінің 15,8%.

Ағымдағы жылдың қаңтар – шілде кезеңінде «Сенім» және «РЕСПУБЛИКА» қорлардан басқа барлық қорлар жалпы сомасы 4,5 млрд. теңге пайда (табыс салығын төлегеннен кейін) тапты.Пайданың ең жоғары сомасын «Қазақстан Халық Банк» - 37,6%, «БТА Курмет-Казахстан» - 23,2 % және «МЖЗҚ» - 15,8% қорлары алды немесе осы үш қорға қорлардың жалпы пайда сомасының 76,6% келді.

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қорлардың меншік активтерінің есебінен қаржылық инвестициялар 21,2 млрд. теңге немесе капиталдың жалпы көлемінің 81,5% құрады.

Қорлар меншік активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 7,1 млрд. теңгені (жалпы инвестициялар көлемінің 33,4%) инвестициялады, мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы 8,5 млрд. теңге (40,2%), екінші деңгейдегі банктердің салымдарына жалпы сомасы 3,3 млрд. теңгені (15,8%) орналастырды, сондай-ақ қорлардың инвестициялық пайлары - 57,6 млн.теңге (0,3%) және «Кері РЕПО» операциялары 2,0 млрд.теңге немесе жалпы инвестициялар көлемінің 9,7%.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.08.07
ЖІӨ млрд.теңге*	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 464,1
Зейнетақы активтерінің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	8,58
Жинақталған зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	6,47
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,40
Қорлардың меншіктік капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,21

* Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша